

"Қазагрореммаш-холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервис мемлекеттік холдинг компаниясының құқықтық мұрагерлік мәселелерін реттеу туралы <*> ЕСКЕРТУ. Қаулыға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.11.18. N 1600 қаулысымен. ~P971600

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 833

"Шетел кредиттерін өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық мұрагерлік мәселелерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 51 P960051_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазагрореммаш - холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервис мемлекеттік холдинг компаниясының герман кредиті есебінен алынған жабдықтар жөніндегі берешегі қосымшаға сәйкес "МБК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - "МБК" ЖШС) және "Агропищемаш-Мефам" қазақстан-голланд-герман бірлескен кәсіпорнының балансына берілсін. <*>

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 7 612 980 (жеті миллион алты жүз он екі мың тоғыз жүз сексен) неміс маркасы сомасындағы герман кредитін "МБК" "ЖШС" және "Аропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорнына қайта ресімделсін. <*>

3. "Аропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорны:

1996-2000 жылдар ішінде негізгі қарыздың және барлық қосымша төлемдердің кредит валютасымен немесе қайтару сәтінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін;

бір ай мерзімде қажетті кепілдемелік және кепілдік міндеттемелерді көрсете отырып кредиттік ресурстардың республикалық бюджетке қайтарылуы жөнінде Қаржы министрлігімен шарт жасассын. <*>

4. Қазақстан Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша банктік сараптаманың негізінде бір айлық мерзімде "МБК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 1998-2002 жылдардың ішінде "МБК" ЖШС тарапынан негізгі борыш пен несиені валютасында немесе төлем күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгеде, барлық ілеспе төлемдерді республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету үшін қажетті кепілдіктер мен кепіл міндеттемелерді ұсыну арқылы шетелдік несиені өтеу жөніндегі несиелік шарт жасассын. <*>

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік

комитеті:

"Қазагрореммаш" акционерлік қоғамын "Агропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорнына кіретін мүліктің мемлекеттік үлесіне иелік ету, пайдалану және басқару құқығымен "Агропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорнына қазақстан тарапынан құрылтайшы етіп белгіленсін;

"Алматыпищереммаш" акционерлік қоғамының мемлекеттік үлесін өндірістік алаң, офистік үй-жай, тұрмыстық және қойма үй-жайы, байланыс құралдары түрінде "Агропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорнына герман кредитінің өтелу мерзімі аяқталғанға дейін пайдалану

құқығымен берсін.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қайта өңдеу салаларын дамыту бағдарламаларында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін жабдықтар дайындау жөніндегі "Агропищемаш-Мефам" бірлескен кәсіпорнының мүмкіндігін ескерсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 маусымдағы
N 833 қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.11.18. N 1600
қаулысымен.

"Қазагрореммаш-холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын
жасау және агросервис мемлекеттік холдинг компаниясының
Герман Федеративтік Республикасы берген кредит бойынша
берешегін қайтару жөніндегі құқықтық мұрагер-ұйымдары
мен кәсіпорындарының

Тізбесі

Ұйымның, кәсіпорынның		Жабық		Неміс маркасындағы
атауы		түрі		сомасы

"МБК" ЖШС"

<*>

Шағын наубайхана,
шағын диірмен,
макарон өндірісі
жөніндегі желі 1251392,1

"Агропищемаш-Мефам" БК Металл өңдейтін
жабық, ғимаратқа
арналған жабдықтар,
өндірісті
бағдарламалық
қамтамасыз ету 6361587,9